

№ 2140 тіркелген "Ғылыми атақтар беру ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 10 қаңтардағы № 15 бұйрығына өзгертулер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 9 маусымдағы № 534 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 21 маусымда тіркелді. Тіркеу № 2905. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 128 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2011.03.31 № 128 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орындарының ғылыми бөлімшелерінің қызметкерлеріне ғылыми атақтар беру жөніндегі талаптарды жетілдіру мақсатында бұйырамын:

1. (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2140 тіркелген, "Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері Бюллетені" журналының 2003 жылғы № 37-42, 881-б. жарияланған") "Ғылыми атақтар беру ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 10 қаңтардағы № 15 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ғылыми дәрежелер беру ережелерінде:

5 - тармақта:

1) тармақшада "ғылыми-педагогтік" деген сөзі "ғылыми" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) тармақшада "тізбесін ЖАК бекіткен басылымдарда үш ғылыми жұмыстары" сөздері "ЖАК бекіткен тізбесіндегі басылымдарда бес және кем дегенде үш жеке жарияланымдары" сөздерімен ауыстырылсын;

3) тармақшада "екі" сөзі "төрт" сөзімен ауыстырылсын;

11 - тармақта:

1) тармақшада "ғылыми-педагогтік" деген сөзі "ғылыми" сөзімен ауыстырылсын;

2) және 3) тармақшалары мынадай мазмұнда жазылсын:

"2) жоғары оқу орнындағы немесе кадрлар біліктілігін арттыру және қайта даярлау ұйымдарындағы педагогтік жұмыс стажы бір жылдан кем емес немесе

олардың жетекшілігімен алты бітіруші білікті жұмыс қорғалған, немесе ЖАК-тың ғылыми дәрежесі берілген бір оқушы дайындаған;

3) диссертация қорғағаннан кейін сұралып отырған мамандық бойынша кем дегенде алты ғылыми жұмысы жарияланған, оның ішінде кем дегенде үшеуі ЖАК бекіткен тізбесіндегі басылымдарда және кем дегенде өзінің екі жеке жарияланамы";

19-тармақта "(шағын кәсіпорындар, қоғамдық академиялар, академияаралық комиссиялар және т.б.)" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК